

# OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

№7 (89) 2023 ЖЫЛ



БІРІКСЕК, АЛЫП КҮШПІЗ!



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
№7 (89) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және  
коммуникация министрлігінде  
есепке алынып, №16077-Г күелігі  
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

**БАС РЕДАКТОР:**  
Бибігүл БӘБЕКБАЙ

**ШОЛУШЫ:**  
Арғын БИСЕНОВ

**ТІЛШІЛЕР:**  
Жазира Ақберген  
Айман МАДРЕЙМОВА  
Талғат САТЫБАЛДЫ

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:**  
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен  
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,  
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.  
Журнал материалдарын  
көшіріп басуға редакция  
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС  
баспаханасында басылды

## БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

### FACEBOOK



### TELEGRAM



### INSTAGRAM



### TIKTOK



# АЛДА ПАРИЖ, ШЕГІНЕРГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Шілде айының 3-8 аралығында Астанада өткен Азия чемпионатында керемет өнер көрсеткен Қазақстан құрамасының параволейболшылары жартылай финалда Қытайдың құрамасын 3:2 есебімен жеңіп, финалға жолда ма алды. Кілең мықты қатысқан дода жігіттерге оқай соқпады.

Финалда Иран командасының бағы жаңып, жеңіс тұғырына көтерілді. Команданың маңғыстаулық ойыншылары Ерболат Алтаев, Бауыржан Оразәлиев, Құралбек Сеидовтер әсерімен бөлісті.

– Спорттың кез келген түрі адам бойындағы рухты оятауды. Астанада өткен чемпионатта жақсы нәтиже көрсеттік деп толық сеніммен айта аламын. Жеңіс адамға жігер сыйлайды. Алдағы жарысқа барымызды саламыз деген ойдамын. Парижге барып, елabyроійын қорғау әрі мәртебе, әрі жауапкершілік, – деді ӨТҚжЖБ маманы Құралбек Сеидов.

Тағдыр сынағына мойымай, спортпен айналысып, түрлі шараларға белсенді түрде қатысып, ел мәртебесін арттырып жүрген азаматтарға көп раҳмет!





# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ЕҢШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҚӘСІПОРЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жыл сайын өткізіп келе жатқан Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан» 500-ге жуық спортшыны қамтып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған додаға "Өзенмұнайгаз" да қатысып, бақынады.

10-13 шілде аралығында өткен мұнайшылар спартакиадасында төрт жүзден астам спортшы бақынады. Жарыстар Ақтау қаласының ірі спорт кешендерінде шағын футбол, волейбол, кибер-спорт, асық ату, армрестлинг, шахмат, жүзу, баскетбол, арқан тарту, тоғызқұмалақ және үстел теннисі сынды спорт түрлерінен өтті.

Шара шымылдығын ашқан ҚМГ Адам ресурстарын басқару департаменті директоры Ерболат Сәрсенов құттықтау сез сейлеп, Спартакиада қатысушыларына сәт пен жеңіс тіледі.

«Қара алтын» өндірушілер 13 шілдеге дейін арқан тарту, армрестлинг, асық ату, баскетбол, волейбол, киберспорт, шағын футбол, үстел теннисі, жүзу, тоғызқұмалақ, шахмат сияқты спорттың 11 түрінен сайысып, жүлделі орындарға таласты.





**БАҚТЫБЕК  
ЖАҚСЫЛЫҚОВ  
ЧЕМПИОН!**



**РАХМАН  
ЕСЕНФАЛИ  
ЧЕМПИОН!**



WWW.OZEN.KZ

# ЛАУРА АЙТЖАНОВА КҮМІС ЖҰЛДЕГЕР!



ВОЛЕЙБОЛ КОМАНДА  
КҮМІС ЖҰЛДЕГЕР!



КИБЕР СПОРТШЫЛАР ГАЗ  
КҮМІС ЖҰЛДЕГЕР!



ФУТБОЛ КОМАНДА  
КҮМІС ЖҰЛДЕГЕР!



WWW.OZEN.KZ



# БАСКЕТБОЛ КОМАНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР!



# ҚАЗМҰНАЙГАЗ БАСШЫСЫ ӨЗЕН КЕҢ ОРНЫНА ЖӘНЕ ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ЖАҢА ГАЗ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫНЫң ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНА БАРДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма тәрағасы Мағзұм Мырзағалиев «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік объектілеріне, атап айтқанда №3 Мұнай газ өндіру басқармасының №3 топтық қондырғысына, сондай-ақ Жаңаөзендеңгі жаңа газ өңдеу зауытының құрылыш алаңына барды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов кәсіпорынның негізгі өндірістік көрсеткіштері туралы баяндады.

М. Мырзағалиев баяндаманы тыңдаған соң ҚМГ жұмыс тобы бұғандейін «Өзенмұнайгаздың» қаржы-шаруашылық қызметіне үлкен тексеру жүргізгенін, оның қорытындысы бойынша кешенді

іс-қимыл жоспары өзірленгенін атап өтті. Осыған байланысты кәсіпорын басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында аталған құжатты толық орындауды жалғастыру тапсырылды.

ҚМГ басшылығы, сондай-ақ, Жаңаөзендеңгі жаңа газ өңдеу зауытының құрылыш алаңына барды. М. Мырзағалиев кәсіпорын құрылышын белгіленті мерзімде бастауды тапсырылды.

Сапар барысында жаңа газ өңдеу зауытын салу кезінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына ерекше назар аудару тапсырылды.





# «ҮЗДІК МАМАН-2023» ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ II ТУРЫ ӨТТИ

"Үздік маман-2023" көсіби шеберлік байқауының екінші турында компанияға қарасты басқармаларда өткен байқаудың I турында жеңіске жеткен жұмысшылар 11 мамандық бойынша сынға түсті.

– Дәстүрлі шара кәсіпорын үздіктерін анықтауға, олардың біліктігін арттыруға зор септігін тигізеді. Аталмыш байқауға қатысуға ниетті жұмысшылардың саны жыл сайын ұлғаюда. Олардың арасында тәжірибелі мамандармен қоса жастар да бар, – дейді Персоналды басқа-

ру және дамыту департаменті инженері Мәлика Иламанова.

Конкурстың алғашқы сайысы МӘҚжТКЖБ-да электрогазбен дәнекерлеушілер арасында өтті.

Байқау қатысушылары өз кәсібіне сәйкес дәнекерлеуді орындарап, ал екінші кезеңде теориялық білімін көрсетеді. Арнайы комиссия мүшелері қатысушының тапсырманы сапалы орындауы ғана емес, жылдамдық пен қауіпсіздік ережелерін сақтауы, икемділігі де басты назарда екендігіне тоқталып өтті.







Мұнай газ саласы мамандықтары бойынша өз ісінің білгірін анықтау сайысы мұнай және газ өндегу операторы, скважинаны зерттеу операторы, «С», «СЕ» категориясы бойынша автокөлік жүргізушілері, арнағы техника машинисі мен моторисі арасында өтті.

Байқау – практика және теория кезеңінен тұрады.

Әр категориядағы жүргізушілер сызба бойынша шыбық, сорғы тасуши, ЦА-320 техникасымен кедергілерден өтіп, мәнерлеп айдап жарысса, ал операторлар шеберлігін танытып, зерттеу жүргізу әдісімен бөлісті.

Қатысуышының тапсырма барысында қауіпсіздік ережесін сақтауы, жылдам әрі сапалы орындауды комиссия мүшелерінің бақылауында болды.

– Көсіби шеберлік байқауына биыл екінші жыл қатысуым. Өткен жылғы жарыста бірінші орын иеленген болатынмын. Жүргізушілік қызметте жүргеніме 25 жылға қарады. Бұл жерде көлікке отыруымыздан бастап, белдік тағу, көлікті оталдыру, белгі басу секілді әрбір қимыл-қозғалысқа аса мән беріледі, – деді №2 СҚБ №1 автотізбек жүргізушісі Берекет Тұрымбаев.







Дәстүрлі «Үздік маман» көсіби шеберлік байқауы II турының соңғы сайысы жылжымалы депарафинизациялық бу қондырғысының машинистері арасында өтті.

Үздік танылу үшін қатысушылар көсіби білімі мен дағдысын көрсетіп бақты. Практикалық тапсырманы мұлтіксіз орындалап, мамандығы бойынша сынақ тапсырды.

Жалпы сораптар стансысының машинистері, автокөлік жөндеушілер, қабат қысымын сақтау мен скважиналарды жерасты жөндеу операторлары өзара бақынады.

Биыл байқаудың екінші туры 11 мамандық бойынша ұйымдастырылып, компанияға қарасты басқармалардан 100-ден аса мұнайшы қатысты.







WWW.OZEN.KZ







WWW.OZEN.KZ







# «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҢ»

## РОЗАСЫ


Бұгінде Технологиялық транспорт басқармасының Әлеуметтік және әкімшілік қамту бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарып жүрген Роза Тастанқызы еңбекқор жан. Ол басшылық тарапынан берілген кез келген тапсырманы үйіріп әкететін майталман маман.

Роза Кемалованың өмірбаянына көз салатын болсақ, оның зертханада, балабақшада, нан зауытында әр түрлі қызмет атқарғанының қуесі боламыз.

1997 жылдан бері «Өзенмұнайгаз» жүйесінде, атап айтатын болсақ, әлеуметтік-әкімшілік саласында қарапайым маманнан бастап, басшы дәрежесіне дейін көтерілді.

Аталмыш сала бойынша Басқару аппаратында бірнеше жыл өнімді еңбек еткен Роза Тастанқызын компанияны әр жылдары басқарған директорлары істі шебер ұйымдастыра біletін, жауапты, тәртіппен жүретін және соны талап ете біletін басшы ретінде таниды. Көрпесін тұйықтамайтын, төңірегіне қайырымды Роза әріптестер арасында да сыйлы.

«Өзенмұнайгаз» дамуына бір кісідей маңдай терін төгіп жүрген



кейіпкеріміздің өмірге өкпесі жоқ. Берекеті молынан, бірлігі онынан оралған ұжыммен бірге еңбек етіп, бірге тыныстап жүрген кірпияз жанның киім киісінде де айрықша талғам, әлдебір дегдарлық байқалады.

40 жылға жуық жаны рақаттанып жұмыс атқарып жүрген Розаны біз бақытты жан деп білеміз. «Елге қылған жақсылық еленбей қалмайды, еңбек еткен ерінбей кенелмей қоймайды» демекші, Роза Тастанқызында марапат жетіп-артылатыны айтпаса да түсінікті.

Балаларымның өзегі талмасын, өзгеден кем болмасын деп өмір бойы еңбектен қол үзбей келе жатқан Роза өзінен бұрын өзгені ойлайтын, жан-дүниесімен айналасын нұрландырып жүретін адам.

– Роза Тастанқызының бойында жақсы қасиет көптеп кездесді. Ол үнемі өзін жетілдіруге талпынады, істі маҳаббатпен жүргізеді, жинақылықта ұмтылып, басшылық тарапынан нұсқау күтіп отырмастан, жұ-

мысқа білек сыбана кірісіп кете береді. Оның негізгі капиталы – тәжірибесі. Біз оны сүйікті ана, тағылымы мол ене, қазыналы әже, шаңырағының бақ-дәулетін асырып отырған аяулы жан ретінде қадір тұтамыз, – дейді әріптестері.

Еңбек етеді жүріп, білім мен білікке ұмтылған Розаның жетістікке жетуі заңдылық. Тұңғышы Динарасы қызы болып келіп, анасының ырысына айналды. Көзінің ағы мен қарасы Әлібегі мен Нұрланы да ана үмітін ақтап, көз қуанышына айналып отыр.

Уақыт судай тұрақсыз, сағымдай тұрлаусыз емес пе?! Іш кептіретін бос сөзден гөрі нақты бір істі бітіргенді артық санайтын «Өзенмұнайгаздың» Розасы мерейлі 60 жасқа шықты.

Ізгі де сөулелі ханымға туған күніңіз құтты болсын дей отырып, Алладан көрінген бала-шағаның бағына аман жүрініз, арманыңыз бен мақсатыңызға жете беріңіз деген тілек айтамыз.





## «ӨЗГЕЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ, ӨЗ ЖАЙЫМДА»...

Менің аты жөнім Алмаш Бисенгалиева. Иса деген шалдың қызымын. Мұнай саласына 1982 жылы келіп, өрімдей 19 жасымда енбек жолымды бастап, күні бүгінге дейін машинист болғанында енбек еңбек етіп келемін. Тағдырыма зәредей де өкпем жоқ.

1983 жылы болашақ жарымды жолықтырдым. Қарапайым операторлықтан басшы лауазымына дейін көтерілген отағасы Айжарық Ермағамбетов мұнай саласына енбегі сіңген зейнеткер. Аллаға шүкір, тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Алтын асықтай бірнеше ұл өсіріп, олардан балдай тәтті немерелер сүйіп отырған бақытты ата-әжеміз.

Балаларым да өз нәпақаларын Өзен кен орнынан тауып жүріп жатқан жайы бар. Адам баласына бұдан артық не керек?!

Қыз-келіншектерге өндірісте істей оңай емес. Әйтсе де азаттардың арқасында міндеттімізді адал атқарып келеміз. Біз түзде мұнайшы, үйде анамыз, әжеміз. Отағасының сенімді серігіміз.

Барынша балаларыма көп көңіл бөлуге тырысатым. Мектепте өтетін жиналыстарына барып тұрдым. Олармен үнемі сөйлесетіп жүремін. Балаларым тәртіпті, білімді болып ержетті.

«Көтермесе, көнілді кір басады» демекші, Ақжол Мейір-

беков, Нұрлан Өнербаевтардың әндерін тыңдаймын. Еңбек демалысымда шабаданымды алып, жұмыс орнынан берілетін жолдамамен шипажайларға барып, демалып, денсаулығымды нығайтып қайтамын.

Әріптестерім тумаласымдай болып кетті. Қуансақ та, мұңайсақ та солар біледі. Ақылын айтады. Кеңес береді. Қуанышыңа ортақтасады. Бірінші болып көмек қолын созады. Ұжымыма әбден бауыр басып кеттім.

Қасымдағы жас мамандарға хакім Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылын жиі айтып отырамын.

Менің ұстанымым – барлық істі қолымнан келгенше аянбай меңгеріп, сосын әрі қарайғы істі құдайға тапсыру. Қолдан келген істі мүлтіксіз орындар, қоғамға пайдалы болған жақсы. Құдай шын еңбектенген адамды жолда қалдырмайды еken. Соны түсіндім.





# СПОРТШЫ БАЛА БЕКСҰЛТАН



8 жасар Бексұлтан Ниязқалидың грек-рим күресімен белсенді түрде айналысып жүргеніне 4 жылдың жүзі болды. Қаладағы №10 орта мектебінің 3 «а» сынып оқушысы математика пәнін жақсы көреді.

Спортшы бала Жаңаөзен, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Шалқар, Қостанай, Баянауыл, Саратов қалаларында өткен грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында өткен қалалық, облыстық ашық турнирлеріне қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.

«Қанатсыз құс, армансыз адам болмайды» деген емес пе?! Бексұлтан болашақта әлем чемпионы титулын жеңіп алып, бапкер болып, балаларды тәрбиелегісі келеді.

Өзіне үнемі қолдау көрсетіп жүретін өке-шешесі Самат Сақтағанов “Өзенмұнайсервис” ЖШС-інде бұрғышы көмекшісі, Ләzzат Жасманова ТТБ-да ПБҚ жетекшісі қызметтін адал атқарып, ел мен жер өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрген қадірлі жандар.

«Бос жерге сайтан үйір келеді» дегендей, жас балалар-

дың жаман жолға түсіп кетпеуі үшін бос уақытында Бексұлтан-дай спорт үйірмесіне барса, көремет болар еді.

**Жаңаөзен:**

2018 жыл- 20 кг салмақта 1-орын;  
2019 жыл - 22 кг салмақта 5 рет  
3-орын

2020 жыл- 25 кг салмақта 3  
рет 3-орын, 1 рет 2-орын, 2 рет  
1-орын;

2021 жыл - 27 кг салмақта  
2-орын;

2022 жыл - 36 кг салмақта  
1-орын;

**Ақтау:**

2021 жыл 27 кг салмақта 2-орын;  
2023 жыл 36 кг салмақта 1-орын;

**Атырау:**

2021 жыл 33 кг салмақта 3-орын;  
2022 жыл 36 кг салмақта 2 рет  
1-орын, 1 рет 2-орын;

**Саратов:**

2020 жыл Ресей елінде Саратов қаласында 24 кг салмақта  
3-орын;

**Қостанай:**

2022 жыл Қостанай қаласында  
30 кг салмақта 3-орын;

**Шалқар:**

2023 жыл Шалқар қаласында 41  
кг салмақта 2-орын.







## “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ



### ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 338  
НАҚТЫ 367  
АУЫТҚУ 29



### МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 461 321  
НАҚТЫ 354 400  
АУЫТҚУ -106 921



### МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 460 401  
НАҚТЫ 353 894  
АУЫТҚУ -28 788



Неміс жазушысы Эрих Распенің «Мюнхаузеннің басынан кешкендері» хикаясын оқуға кеңес береміз.

18 ғасырда неміс жерінде барон Мюнхаузен деген әпендінің қарсы алдынан орманның ішінде келе жатқанда түйедей қасқыр шыға келеді. Енді бірде бір түйедей арыстан аузын ашып алып, бас салмақшы болады.

Кез келген жағдайдан қысылған жерде шығатын жүйрік ақылды жол тауып кетіп отырады.

Атамыш хикая "мұрны сорайған, бекене бойлы шал камин пештің алдына жайғасып алып, өзінің басынан кешкен оқиға-

ларын судай сапырып, баяндал отыр" деп басталады.

Кітапты оқып отырып, шытырман оқиғалар арасына тастай батып, судай сініп кетесіз.

Қызықты оқиға ішінде ағаштың басында өсетін қияр да, үш басты бүркітте, сегіз аяқты қоян да, үш аяқты адам да, сүт өзендері де, сыра өзендері де, әдепті ағаштар да, піскен қалпында өсетін нан да кездеседі.

Бір сағаттың ішінде бірнеше мың аю қырған, жер бетіндегі ең шыншыл адам туралы кітап оқуға ниет танытсаңыз, мархабат!



# Әсілә

Мұнайшы Шығармашылығы  
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Н қаласының қуықтай үш бөлмесі. Жас келін Әсмә шаранасын жұбата алмай, пұшайман болып отыр. Байы Қанат жұмыста. Бойдақ қайнайысы қалың, үйқыда жатыр.

Облыс орталығынан әжептеуір оқу орнын бітіріп келген қайнайысының қолына 5 теңге түссе, достарымен фастфудханадан шықпайды. Түнімен қаңғиды, тал түске дейін үйықтайды. Анау-мынау жұмысты мұрның шүйіріп менсінбейді. Атасы қай бір жылды жол апатынан қайтыс болған екен.

Осыдан бір жыл бұрын осы үйдің есігінен келін болып аттағанда енесі «келіннің қадамына гүл бітсін» деп мәз болып еді. Өзі де келін болып, басына ақ жаулық салған кезде қуанып, айналасына еркелей көз тастаған болатын. Неге жақпай қалғанын түсінбейді. Араларында әйттеу бір суықтық бар.

Көп ұзамай жас келін жақсы көрінуге тырысудың бекер екенін ұққандай болды. Обалы көні, перзентханадан музыкалаташып, анимациялық киімдер киіп, қоыйым қойып, билеп, тойлатып шығарып алудың шығарып алғанымен, үйге келгесін екеуінің бар-жоғын ұмытып кетті. Әлі қырқынан да шыға қоймаған нәрестені бағысу ешкімнің де ойына кіріп-шықпайтын сияқты.

Ері сірә, таңның атысы, күннің батысы сүрініп клиникада жүреді. Қаланың біл-

дей травматологы. Жұмысы тұрысымен стресс.

Пенсіде жатқан енесі келіннің жүріс-тұрысын бағып өлек. Өзін аңдып, энергиясын босқа құртып жүрген дардай адамға Әсмә не уәж айтарын білмей таңғалады. Түнде шырылдап жылайтын Ақботасын қалай уатарын білмей басы қатады. Емізеді, астын құрғатады. Бала сонда да жылайды. Көрші бөлмеде жатқан енесі жарықтық «не болып жатыр» деп бір хабар алууды білмейді-ау. Таңертең үйқысы қанбай, бұлданып жұмысына жиналатын байына қараптан-қарап зығырданы қайнайды. Өзін әрең ұстайды.

Енесінің «тышқандай баланың бабын таба алмайтын нағылған адамсың. Ел асырып, жер асырып ағылшын үйреткенше, үйдің тірлігін үйретпеді ме, шешен» деген қыжыртпа сөзінен қайда қашып құтыларын білмейді.

Малайзиядан оқу бітіріп, шетелдік фирмада істейтін келінін отырса опақ, тұрса сопақ етіп бітті. Соңғы кезде таңертең еткен сәлемін алмай, сіркесі су көтермей отыратынды шығарып жүр.

Бүгін де таңғы шайдан соң кішкентайы жылай бастағасын орнынан асырып тұра бастап еді, енесі «ана пеште тұрған еттің көбігін ал!» – деп зірк етті. Бар алтынын тағып алып, шікірейіп отырған енесіне қарап, не дерін білмеді.

Жаны қысылғасын үш бөлесі бар жеңешесіне қонырау шалды.

— «Баланың іші ауырады, тілі шықпаған баланың неге жылайтынын итім біліп пе, жаздығұні баланың іші өтсө, мал болмайды, емшектен айырма, — деп бар білгенін айтып, ақылын үйіп-төкті.

Сүреңсіз күндер өтіп жатты. Бала жылауын қояр болмады. Шешесін әбден діңкелетіп бітірді. «Жығылғанға жұдырық» демекші, Қанаты бір аптаға Астанаға іссапарға кетті. Әсмәні жын қағып кете жаздады. Не істерін білмеді. Бәріне бір түкіріп, басы ауған жаққа кетіп қалғысы келді. Түнімен бөлесімен бірге жылап, таңертең көзі қызырып тұратын болды. Енесі Қанаттың жоғын пайдаланып, келінін әбден ықтырып алмақшы болып, қашарына мінді.

— Шырағым, қай заманда да ер адам ақша табады. Дені сау қатын бала туып, қара қазан қайнатып, от басы, ошақ қасында отырған. Сенің өзіңше болып жүргенің, құдағайдың қызыым өлен, қызыым пәлен, мектепті алтын белгімен бітірді, ағылшынша судай ағып тұр деп мақтанғаны маған беш тыын. Бір баланы бағып, енең мен байыңың бабын таба алмайсың. Ойбай-ай, сендей салақ қатын көрсем, көзім шықсын, өй, сен, басқаны былай қойғанда, төсегінді дұрыс жинай алмайсың ғой. Ағылшын сенің не теңің... быды...быды...

Түнімен көз ілмеген Әсмәнің көзі қарастырып, жүрегі айныды. Жүйкесі таусылды. Құндақтағы бақырып жатқан баласын есіріктене сөйлеп тұрған енесінің қолына ұстатты да, бөлмесіне кіріп, есігін

кілттеп алып, дауыс етіп жылады. Болмағасын енесі әке-шешесін шақыртты. Балконнан секірмекші болған ашулы келіншектің ойын телефон шырылы бөліп жіберген еді.

Басшылық қызметтегі әкесі жедел жәрдем шақыртып, қызын таныс психотерапевтке көрсетті.

— Стресс. Бала босанған келіншектердің дені стреске шалдығады. Бізде шетелдегідей жүкті келіншектерді бала тууға ешкім дайында майды...

Дәрігер көп нәрсе айтты. Әсмә оның айтқанының бірін естісе, бірін естімеді.


Дәлізде анасының қасында енесі де тұр екен. Бастан-аяқ киімін шолып шықты да, «бөлмеге кілттеніп алатындағы не басыңа күн туды. Адам сияқты киінсөнші. Жұпны болып киініп алғысың ғой. Жұрт не дейді», — деді дауысын бәсек шығарып.

— Мәшинеге отырыңдар! Құдағай, Әсмә бөлесімен біршама уақыт біздің үйде болады, — деді ашудан тұтіккен әкесі қатқыл дауыспен.

Әсмә өзіне аңтарыла қараған енесіне ләм-мим тіл қатпады. Таңертең Қанаттың ұшақтан түсетіні есіне түсті.

Үйге жақындағанда емшегінің иіп келе жатқанын сезіп, анасына сұраулы көзben қарап еді, ол басынан сипап «бөлең жеңешенің қасында, қазір емізесің, саған тамақ ішіп әлдену керек, үйқынды қандыру керек. Әлі-ақ бәрі жақсы болады», — деді қамқор үнмен.

Әсмә кішкентай бала сияқты әксіп жылап жіберді...





### Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандақ, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыныз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Көсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізben біз мақтан етеміз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындаі мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тоғыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы**



## ҚҰРМЕТТИ АРДАГЕРЛЕР!

Тұған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қыындыққа толы құбылыстарын бастаң өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлөну – кез келген адамның қолына түсे бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-әнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүрініздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Нурлы Бекетаев**  
**Серик Сатбергенов**  
**Курак Тлеукулов**  
**Кайрлы Ажигалиев**  
**Аксулу Джолдасова**  
**Шукурбай Ешмаганбетов**  
**Ескуат Койлыбаев**  
**Семен Леонтьев**  
**Асан Тажиназаров**  
**Тенгеш Жуматова**  
**Ерболат Карамбетов**  
**Рамиля Касичева**

**Маткерим Жантелеуов**  
**Алтынай Рахманберды**  
**Узюм Тургаева**  
**Бисенбай Пирджанов**  
**Орынбасар Конысов**  
**Арыстангали Индибаев**  
**Куаныш Бакышов**  
**Джаймухан Кушеров**  
**Бисенбай Кызылов**  
**Талисбай Жумабеков**  
**Андрей Коптилеуов**





WWW.OZEN.KZ



«УЗДІК МАМ

